

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

АУДАН ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы жергілікті тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдады. Оларды не толғандыратынын біліп, көкейтесті сауалдарына заң шеңберінде жауап берді. Олар өз кезегінде жеке бастың мәселесін алға тартып, қолдау көрсетуін өтінді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қабылдауда қаракемерлік көпбалалы ана Меруерт Дунбаева наукас баласының денсаулығына байланысты көмек сұрап келгенін айтса, шайданалық тұрғын Насихат Қоштаева інісі Назарбек Қоштаевтың баспанасын жөндеуге қаржылай көмек керектігін сөз етті. Аса ауылының тұрғындары – Бакытүл Сүлейменқұлова өртке оранған тұрғын үйінің мәселесі бойынша қайырылса, Жасұлан Бибазаров кәсіптік нысанына газ



тартылуына ықпал етуін өтінді. Бәйтерек ауылының азаматы Нышаналы Байтаев өзіне қосымша жер телімін сұрап келсе, асалық Нұржан Кәрібаев он соттық жерінің мерзімін созыруға мүдделі екенін жеткізді. Ал асалық Айнаш Шаханова бірнеше күн бұрын Қойгелді көшесінде жөндеу жұмыстарына байланысты электр қуатының

көбейіп кетуі қолайсыз жағдай туғызғанын, үйінде электр жарығы жоқ екенін, барлық тұрмыстық техника бұзылғанын тілге тиек етті.

Тұрғындардың өтініш-тілегін назарға алған Ерлан Қыдыралыұлы жауапты тұлғаларға хаттамалық тапсырмалар жүктеп, орындалуын бақылауға алатынын айтты.

МЕРЕКЕ

САЛА МАМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Ветеринария қызметкерлері күні аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев сала мамандарын арнайы қабылдап, кәсіби мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

– Ветеринария қызметі – халық денсаулығын сақтауда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, мал шаруашылығын дамытуда және елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын нығайтуда ерекше маңызға ие сала. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, жануарлар саулығын қорғау, жұқпалы аурулардың алдын алу және эпизоотиялық

тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген өздеріңізге алғысымды айтамын.

Бүгінгі мереке – өз ісіне адал жандардың еңбегін ұлықтайтын ерекше күн. Кәсіби міндеттеріңізге деген жауапкершіліктеріңіз, адал еңбектеріңіз бен жоғары біліктіліктеріңіз әрдайым құрметке лайық. Осынау мерейлі сәтте баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс және ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге жаңа жетістіктер тілеймін! – деген Нұржан Нұрланұлы ветеринария саласының өркендеуіне қомақты үлес қосқан қызметкерлерге марапат табыс етті.

Мерекелік қабылдауда ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жамбыл аудандық аумақтық

инспекциясының бас маманы Төрехан Балтаев «Жамбыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, аталмыш инспекцияның басшысы Бауыржан Өмірбек, аудандық ветеринария бөлімінің фельдшері Айбек Тазабеков аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, аудандық ветеринария бөлімінің фельдшерлері Хандәулет Сейдашым, Мағжан Мамбетов, Бейбарыс Тұрсынбаев, ветеринар маман Ернұр Бөрібек, аудандық ветеринариялық пункт меңгерушісінің міндетін атқарушы Нұржан Әлімжан аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Соңынан сөз сөйлеген Төрехан Қойшыбайұлы аудан басшылығына ветеринария қызметкерлеріне лайықты құрмет көрсеткені үшін рақмет айтып, ризашылығын білдірді.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Аудандық «Халыққа қызмет көрсету орталығында» аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» қағидаты шеңберінде «Өз құқығыңды біл!» атты акция өтті.

→ 2

СЕМИНАР

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Цифрлық елге айналу мақсат еткен ел үшін бұл – стратегиялық жоспарды орындауға деген нақты қадам.

Шұғыла АҚШАБАЙ

Президент жасанды интеллект жайында: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркеніетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес», – деген болатын.

Аудандық орталық кітапхананың желілік кестесіне сәйкес әдіскерлердің ұйымдастыруымен «Жасанды интеллект – кітапхана саласында» тақырыбында семинар-практикум өткізілді.

→ 2

ХАБАРЛАМА

Жамбыл ауданы әкімі аппаратында Call-орталығы құрылды, онда сайлаушылар 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша сайлаушылар тізіміне қатысты қажетті ақпаратты ала алады.

Аудан әкімдігіндегі Call-орталықтың байланыс нөмірі: 8 (72633) 2-18-93.

СООБЩЕНИЕ

Аппаратом акима Жамбылского района создан Call-центр, где избиратели могут получить необходимую информацию о списках избирателей по выборам депутатов Курултая, назначенным на 23 августа 2026 года.

Контактный телефон Call-центра в акимате района: 8 (72633) 2-18-93.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

Кітапхана жұмысында жасанды интеллект мүмкіндіктерін таныстыру, жаңа технологияларды тиімді қолдануға бағыт беру, кітапханашылардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсат етілген семинар аудандық «Жастар ресурстық орталығының» кеңесші-психологі Әсел Қайсарованың кітапханашылармен қарым-қатынасқа байланысты жүргізген психологиялық тренингінен басталды.

Басқосу барысында аудандық орталық кітапхананың әдіскері Гүлбағира Сүлейменова Мемлекет басшысының ағымдағы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы еліміздің инновациялық даму бағытын айқындап қана қоймай, кітапханалардың жұмысын жаңа деңгейге көтерудің стратегиялық негізін қалыптастырғанын

айтты. Сондай-ақ Президенттің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы оқу мәдениетін нығайтуға, кітапханалардың қоғамдағы рөлін арттыруға және интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған маңызды мемлекеттік құжат ретінде қабылданғанын атап өтті.

Айтулы шарада қатысушылар жасанды интеллекттің даму тарихы, кітапхана саласындағы орны, артықшылықтары мен қолдану бағыттары туралы ақпараттарды қаперге алды. Кітапхана қызметкерлеріне жасанды интеллектті пайдалану тәсілдері тәжірибелік тұрғыда көрсетілді. Кітапханашылар ЖИ арқылы мәтін жазуды, іс-шара сценарилерін әзірлеуді, хабарландырулар мен әлеуметтік желілерге арналған жазбалар

дайындауды, презентациялар құрастыруды, суретпен бейнема- териал жасауды, ақпаратты өңдеуді және аударуды үйренді.

Семинардың практикалық бөлімінде қатысушылар жасанды интеллект құралдары арқылы кітап көрмелерінің атауларын әзірледі. Іс-шаралардың сценарилерін дайындады. Мерекелік құттықтау мәтіндерін және кітапхана жұмысына қажетті ақпараттық өнімдерді жасады. Тиімді сұраныс құру әдістерін меңгеріп, сол бойынша берілген нақты тапсырмаларды орындады.

Соңынан күн тәртібіндегі мәселе бойынша өзара пікір алмасқан кітапханашылар өткен семинар кітапхана жұмысын жаңғыртуға, оқырмандарға көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға және шығармашылық бастамаларды жүзеге асыруға зор мүмкіндік беретінін сөз етті.



ПРАВО ПОТРЕБИТЕЛЯ

КАК ЗАЩИТИТЬ СВОИ ПРАВА И ДЕНЬГИ?

В последние несколько лет онлайн курсы разной продолжительности наращивают популярность. К сожалению, растет и количество жалоб потребителей в этой сфере.

Департаментом торговли и защиты прав потребителей по Жамбылской области проведен анализ обращений граждан по итогам 2025 года. Результаты показали, что количество жалоб на онлайн-обучение увеличилось в 3,3 раза по сравнению с 2024 годом. Если в 2024 году поступило 38 обращений от потребителей недовольных качеством онлайн-курсов, то в 2025 году их число возросло до 126. Основные претензии связаны с неудовлетворительным качеством преподавания и отказами в расторжении договоров.

В 2026 году рост обращений в данной сфере продолжился. За пять месяцев текущего года в Департамент обратились 147 заявителей с просьбой оказать содействие в возврате денежных средств за онлайн-курсы, от прохождения которых они отказались по различным причинам. За этот период потребителям возвращено 4,6 миллиона тенге, при этом возврат более полумиллиона тенге находится в работе.

Сегодня рынок онлайн-образования насыщен предложениями, и практически каждая школа обещает высокие результаты. Однако существует риск потратить время и деньги на образовательный продукт, который не оправдывает ожиданий, не подойдет по формату или графику либо вовсе разочарует.

Следует помнить, что в сфере

онлайн-образования отношения между покупателем и продавцом чаще всего оформляются договором оферты. В этом документе содержатся условия приобретения курса и оказания образовательных услуг, а также определяются права и обязанности сторон.

Перед оплатой необходимо внимательно изучить договор, особенно положения, касающиеся:

- стоимости обучения и порядка оплаты;
- сроков предоставления доступа к учебным материалам;
- условий возврата денежных средств;
- порядка и сроков расторжения договора.

Если организатор курса отказывается предоставить договор до момента оплаты, целесообразно отказаться от покупки, чтобы избежать возможных негативных последствий.

Также рекомендуется уточнить наличие у преподавателя документов, подтверждающих квалификацию (диплома об образовании или о профессиональной переподготовке). Это является одним из признаков компетентности специалиста.

Перед приобретением курса важно выяснить, каким образом организована обратная связь: предусмотрены ли индивидуальные или групповые консультации, есть ли возможность общения с преподавателем в чатах, в какие сроки проверяются домашние

задания и насколько подробные даются комментарии.

Дополнительным источником информации могут служить отзывы выпускников. Конструктивные и содержательные отклики позволяют составить объективное представление о качестве программы, уровне преподавания и организации обучения. Изучать отзывы рекомендуется не только на официальном сайте школы, но и на независимых интернет-ресурсах.

Потребителям также следует помнить, что в соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан «О защите прав потребителей» они имеют право на получение полной, достоверной и своевременной информации о товаре (работе или услуге), а также о продавце.

Ответственный подход к выбору онлайн-курса и внимательное изучение условий договора помогут избежать финансовых потерь и защитить свои права.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Жамбылской области доводит до сведения потребителей, что рассматривает обращения потребителей, поступающие через системы: E-otinish, E-gov, Telegram bot и другие способы связи.

Консультацию по вопросам защиты прав потребителей можно получить по телефону: 8-7262-54-21-69.

Татьяна ФЕДОСОВА,
главный специалист
Департамента торговли и
защиты прав потребителей
Жамбылской области.

Соңы. Басы 1-бетте

ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ



Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заң талаптарын түсіндіруге, құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру және мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған акция аясында аудандық прокуратура қызметкерлері, жергілікті мемлекеттік мекеме-ұйым басшылары мен мамандары тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдап, заң шеңберінде пайдалы

кеңестер берді. Заңнамадағы өзгерістер, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, сондай-ақ электрондық форматта өтініш жолдау мүмкіндіктері тарката түсіндірілді.

Қоғамда заң үстемдігін нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік органдарға жүгіну мүмкіндігін кеңейту көзделетін іс-шаралар алдағы уақытта да өтеді.

ӨМІР МЕКТЕБІ

Әжелердің ақ жолы — ұрпаққа өнеге

Қазақ халқы «Әже — шаңырақтың шырағы, ұрпақтың ұлағаты» деп бекер айтпаған. Көненің көзіндей болған асыл әжелердің әрбір сөзі тағылым, әрбір ісі тәрбие екені даусыз. Осындай ел анасына айналған ардақты жандардың бірі — Тоғызтарау ауылының қадірлі тұрғыны Күлшакира Тазабекова.



1957 жылы дүниеге келген Күлшакира апа ғұмыр жолын ұлттың ұлы құндылықтарымен ұштастырып, өнегелі өмірдің өрнегін қалыптастырып келеді. Тоғызтарау ауылына Тазабековтер әулетіне келін болып түскен күннен бастап осы әулеттің ғана емес, тұтас ауылдың сыйлы анасына айналды. Тұрғанбек ақсақалмен отау құрып, ұлттың ұстынын ұстап тұрған отбасы құндылығын бәрінен биік қойған аяулы ана бүгінде бес ұл мен төрт қызды өмірге әкеліп, олардан тараған 33 немеренің қызығына бөленіп отырған бақытты әже.

Адамның жасы ұлғайғанымен, жүрегіндегі елге деген жанашырлық пен ұрпаққа деген жауапкершілік ешқашан кемімейді. Күлшакира апаның өмірлік ұстанымы да осы қағидамен үндес. Ол бүгінгі күні де ауылдың қоғамдық өмірінен шет қалмай, кейінгі буынға ақылын айтып, өнегелі ісімен жастарды имандылыққа, еңбекқорлыққа, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеуге үндеп келеді. Оның ақ тілегі мен парасатқа толы әңгімесі жастардың жүрегіне жол тауып, ұлттық тәрбиенің алтын арқауына айналып отыр.

Жуырда өткен «Ал, кәнекей, әжелер!» атты аудандық байқауда Күлшакира Тазабекова өзінің көп қырлы өнері мен тағылымды болмысын тағы бір мәрте дәлелдеп, I орынды жеңіп алды.

Байқау барысында қатысушылар бірнеше кезек бойынша сынға түсті. Күлшакира

апа қазақы нақыштағы ою-өрнекпен безендірілген өз қолынан шыққан тоқыма бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, ұлттық колөнердің нәзік сырын танытты. Сонымен қатар ән айтып, салт-дәстүрге қатысты танымын, шеберлігі мен сахна мәдениетін жоғары деңгейде көрсетті. Оның әрбір қимылынан қазақ әйеліне тән ибалық, қарапайымдылық пен парасаттылық айқын аңғарылды.

Халқымыздың «Асылдың сынығы, тектінің тұяғы» деген сөзі осындай жандарға қарата айтылса керек. Күлшакира апаның бойындағы мейірім мен кішіпейілділік, еңбекқорлық пен сабырлылық көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Байқау қазылары ғана емес, көрермендердің де ыстық ықыласына бөленіп, елдің құрметіне ие болды.

Бүгінде жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтап қалудың ең сенімді жолы — өнегелі аналар мен ақ жаулықты әжелердің тәлімін кейінгі ұрпақтың бойына сіңіру. Себебі ұлттың рухани өзегі отбасыдан басталады, ал отбасының берекесі мен тәрбиесінің алтын қазығы — ана мен әже.

Күлшакира Елеубекқызы сияқты ардақты аналардың ғибратты ғұмыры кейінгі буынға бағыт-бағдар, елдік пен бірліктің жарқын үлгісі екені даусыз.

Гүлжамал АҚМОЛДАЕВА,
Тоғызтарау ауылдық
клубының меңгерушісі.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 12 шілдедегі шешіміне сәйкес Тапжанов Төрехан Жұмабекұлы Бесағаш ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланды



Тапжанов Төрехан Жұмабекұлы 1965 жылы 10 қарашада Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Крупская колхозында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. 1993 жылы Қазақ политехникалық институтын «инженер-құрылысшы», 2007 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «есеп және аудит», 2014 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «мұнай-газ инженері» мамандықтары бойынша бітірген. 1984-1986 жылдары Кеңес одағының Қарулы Күштері қатарында азаматтық борышын өтеген.

1988-2022 жылдары В.И.Ленин атындағы политехникалық институтының пайдалы қазбалар мен кен орындарының технологияларын әзірлеу кафедрасында лаборант, №811 әскери құрылыс жасағында есеп технигі, «Индустрой» құрылыс басқармасының 3 разрядты ағаш ұстасы-бетоншысы, Жамбыл аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, №64 жол пайдалану учаскесінде шебер, облыстық ішкі істер басқармасында учаскелік инспектор, Б.Бесбаев атындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, «Амангелді газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде маман, жетекші маман, механик, Айшабибі ауылдық округі әкімінің орынбасары, Қарой ауылдық округінің әкімі қызметтерін абыроймен атқарған. 2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарып келген. Отбасында 2 ұл, 2 қыз өсіріп, тәрбиелеуде.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 12 шілдедегі шешіміне сәйкес Мұсаханов Бекежан Базарбайұлы Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланды



Мұсаханов Бекежан Базарбайұлы 1978 жылы 2 наурызда Жамбыл ауданы, Жасөркен ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары. 2005 жылы Тараз институтын «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2000 жылы Жасөркен ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепте тарих және құқық пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2010-2024 жылдары Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі, келісімшарт негізінде операторы, бас маман-іс жүргізуші қызметтерін абыроймен атқарған. 2024 жылдың 1 қазанынан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген. Отбасында 2 ұл, 3 қыз өсіріп, тәрбиелеуде.

Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14, 45, 113-11-баптарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 шілдедегі шешімімен 2026 жылғы 12 шілдеде сайланған Тапжанов Төрехан Жумабекович Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

2026 жылғы 12 шілдеде өткен Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 12 шілдеде Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Бесағаш ауылдық округі бойынша:

Сайлаушылар тізіміне 1836 азамат енгізілді. Дауыс беруге қатысқан – 941 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 9 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3. Бесағаш ауылдық округі әкімінің сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Аликулов Нурбахыт Мейрамбаевич үшін сайлаушылар-

дың 76 дауысы берілді, Анарбай Тұрсынхан Серікханұлы үшін сайлаушылардың 68 дауысы берілді, Тапжанов Төрехан Жумабекович үшін сайлаушылардың 734 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 43.

Сайлау қорытындыларымен: Бесағаш ауылдық округінің әкімі болып Тапжанов Төрехан Жумабекович сайланды, 1965 жылы туған, Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі, Жамбыл облысы Тараз қаласының тұрғыны.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ о регистрации акима Бесагашского сельского округа Жамбылского района

В соответствии со статьями 14, 45, 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии от 13 июля 2026 года Тапжанов Төрехан Жумабекович, избранный 12 июля 2026 года, зарегистрирован акимом Бесагашского сельского округа Жамбылского района.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

СООБЩЕНИЕ об итогах выбора акима Бесагашского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области, состоявшихся 12 июля 2026 года

12 июля 2026 года состоялись выборы акима Бесагашского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области.

По Бесагашскому сельскому округу:

В списки избирателей включены 1836 граждан. В голосовании приняли участие – 941 избирателя, из них по открепительным удостоверениям – 0, вне помещений для голосования – 9.

Общее число кандидатов – 3.

Установлены следующие итоги выбора акима Бесагашского сельского округа:

за Аликулова Нурбахыта Мейрамбаевича подано 76 голосов

избирателей, за Анарбай Тұрсынхан Серікханұлы подано 68 голосов избирателей, за Тапжанова Төрехана Жумабековича подано 734 голосов избирателей.

Число бюллетеней с отметкой «Против всех» – 43.

По итогам выборов акимом Бесагашского сельского округа избран – Тапжанов Төрехан Жумабекович, 1965 года рождения, аким Кызылқайнарского сельского округа, проживает в городе Тараз Жамбылской области.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14, 45, 113-11-баптарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 шілдедегі шешімімен 2026 жылғы 12 шілдеде сайланған Мусаханов Бекежан Базарбаевич Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

2026 жылғы 12 шілдеде өткен Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 12 шілдеде Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Қызылқайнар ауылдық округі бойынша:

Сайлаушылар тізіміне 3120 азамат енгізілді. Дауыс беруге қатысқан – 1356 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 43 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3.

Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Бестереков Сагынбек Кыдыралиевич үшін сайлаушылардың 11 дауысы берілді, Кожабеков

Болат Сатыбалдиевич үшін сайлаушылардың 566 дауысы берілді, Мусаханов Бекежан Базарбаевич үшін сайлаушылардың 718 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 6.

Сайлау қорытындыларымен: Қызылқайнар ауылдық округінің әкімі болып Мусаханов Бекежан Базарбаевич сайланды, 1978 жылы туған, Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің орынбасары, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жасөркен ауылының тұрғыны.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ о регистрации акима Кызылкайнарского сельского округа Жамбылского района

В соответствии со статьями 14, 45, 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии от 13 июля 2026 года Мусаханов Бекежан Базарбаевич, избранный 12 июля 2026 года, зарегистрирован акимом Кызылкайнарского сельского округа Жамбылского района.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

СООБЩЕНИЕ об итогах выбора акима Кызылкайнарского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области, состоявшихся 12 июля 2026 года

12 июля 2026 года состоялись выборы акима Кызылкайнарского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области.

По Кызылкайнарскому сельскому округу:

В списки избирателей включены 3120 граждан. В голосовании приняли участие – 1356 избирателей, из них по открепительным удостоверениям – 0, вне помещений для голосования – 43.

Общее число кандидатов – 3.

Установлены следующие итоги выбора акима Кызылкайнарского сельского округа:

за Бестерекова Сагынбека Кыдыралиевича подано 11 голосов

избирателей, за Кожабекова Болат Сатыбалдиевича подано 566 голосов избирателей, за Мусаханова Бекежана Базарбаевича подано 718 голосов избирателей.

Число бюллетеней с отметкой «Против всех» – 6.

По итогам выборов акимом Кызылкайнарского сельского округа избран – Мусаханов Бекежан Базарбаевич, 1978 года рождения, заместитель акима Кызылкайнарского сельского округа, проживает в селе Жасоркен Жамбылского района Жамбылской области.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Жамбыл ауданы әкімдігінің ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 5-тармағына, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына және «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі Жамбыл ауданы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары және сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы хабарлайды:

№148 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылдық округі, Жасөркен ауылы, Сейітқасым Тұралиев көшесі №21, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жасөркен ауылының аумағы.

№149 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылдық округі, Қызылқайнар ауылы, Әзімхан Жанболатов көшесі №10, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Жасөркен орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Қызылқайнар ауылының аумағы.

№150 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Гродиково ауылдық округі, Гродеково ауылы, Ақжол көшесі №7, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Гродеково орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Арна көшесі, Сардар көшесі, Жамбыл көшесі, Гагарин көшесі, Ақбұлақ көшесі, Көкөзек көшесі, Қосыбек Егізбаев көшесі, Тұран көшесі, Ақсай көшесі, Еділ көшесі, Арыс көшесі, Ертіс көшесі, Тобыл көшесі, Ақсу көшесі.

№151 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Гродиково ауылдық округі, Қызылдіхан ауылы, Абай көшесі №1, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің №4 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Қызылдіхан ауылының аумағы.

№155 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылдық округі, Бесағаш ауылы, Жеңіс көшесі №4, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Бесағаш ауылының аумағы.

№159 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Айшабибі ауылдық округі, Айшабибі ауылы, Жібек жолы көшесі №114А, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Айшабибі ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Жібек жолы көшесі, Қошан Бүрлібаев көшесі, Қазыбек би көшесі, Тұрар Рысқұлов көшесі, Төле би көшесі, Сейтжан Әбішұлы, Ақкөл көшесі.

№160 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Айшабибі ауылдық округі, Айшабибі ауылы, Айша бибі көшесі №43А, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Айшабибі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Айшабибі көшесі, Асанбай Асқаров көшесі, Манан Абдуалиев көшесі, Дінмұхамед Қонаев көшесі, Мамбетәлі Байжигитов көшесі, Шынәлі Аманжолов көшесі, Әйтекеби көшесі, Ынтымақ көшесі, Токтар Әубәкіров көшесі, Токтар Әубәкіров 1-бұрылысы, Токтар Әубәкіров 2-бұрылысы, Алаш көшесі, Тұран көшесі, Ұлытау көшесі, Баласағұн көшесі, Әулиекөл ауылы – Кербұлақ көшесі, Үштөбе көшесі, Орынбасар Сүйінбайұлы көшесі, Әбілда Баялиев көшесі, Талас көшесі.

№161 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Айшабибі ауылдық округі, Қаратау ауылы, Бауыржан Момышұлы

көшесі №18А, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Қаратау ауылының аумағы.

№164 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Шәкен Ниязбеков ауылы, Жайшыбек Жантеліұлы көшесі №25, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Әзімбек Ысмайылұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Шәкен Ниязбеков, Қапал ауылдарының аумағы.

№166 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Абай көшесі №22, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Абай көшесі, Төле би көшесі, Әбілек Бегманов көшесі, Жамбыл көшесі, Үшкөмір Мырхалықов көшесі, Сейдахмет Махашев көшесі, Гагарин көшесі, Гагарин бұрылысы, Базар Қилыбаев көшесі, Қаратау көшесі, Әлия Молдағұлова көшесі, Мәншүк Мәметова көшесі, Ақсу көшесі, Көктерек көшесі.

№167 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Абай көшесі №102Н, «Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: Абай көшесі, Абай 6-бұрылысы, Төле би көшесі, Бауыржан Момышұлы көшесі, Жетітөбе көшесі, Жетітөбе бұрылысы, Тұрар Рысқұлов көшесі, Керімбек Шманов көшесі, Бірлік көшесі, Аменгелді Иманов көшесі, Береке көшесі, Лашын көшесі, Достық көшесі, Жібек жолы көшесі.

№168 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Төле би көшесі №106, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің №1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Төле би көшесі,

Бауыржан Момышұлы көшесі, Жетітөбе көшесі, Түгелбай көшесі, Кемелбек Жүнісов көшесі, Сәкен Сейфуллин көшесі, Алаш көшесі, Шоқан Уәлиханов көшесі, Дінмұхамед Қонаев көшесі, Мұхтар Әуезов көшесі, Қойгелді көшесі, Қойгелді бұрылысы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, Ыбырай Алтынсарин 1-бұрылысы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, Ақжар көшесі, Самал көшесі, Айдарлы көшесі.

№169 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы, Абай көшесі №61, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бірлесу-Еңбек ауылдық кітапхана ғимараты.

Шекарасы: Бірлесу-Еңбек ауылының аумағы, Қыршынды учаскесі.

№170 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Шоқай ауылы, Дербісәлі Байғазиев көшесі №36Б, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Шоқай ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Шоқай ауылының аумағы.

№171 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Құмтиын ауылы, Салем Смайылұлы көшесі №1Г, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің №2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Құмтиын ауылының аумағы.

№172 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Қаракемер ауылдық округі, Қаракемер ауылы, Көшербай Асанұлы №23, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қаракемер ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Қаракемер ауылының аумағы.

№173 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Көлқайнар ауылдық округі, Тастөбе ауылы, Тұрар Рысқұлов көшесі №24, Жамбыл облысы

Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Тастөбе ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Тастөбе, Көлқайнар ауылдарының аумағы.

№174 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Көлқайнар ауылдық округі, Еңбек ауылы, Дінмұхамед Қонаев көшесі №1/А, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Еңбек орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Еңбек ауылының аумағы, 27 разьезд.

№175 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Көлқайнар ауылдық округі, Жамбыл ауылы, Ақтөбе көшесі №2Г, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің «Жамбыл атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жамбыл, Қостөбе ауылдарының аумағы.

№176 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Қарасу аулдық округі, Ащыбұлақ ауылы, Ислам Елубаев көшесі №36, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ащыбұлақ ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Ащыбұлақ, Шайдана, Сеңгірбай ауылдарының аумағы, Көделі және Мойынқұм мал жайылымдары.

№177 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Өрнек ауылдық округі, Өрнек ауылы, Бекпенбет Әбілдаұлы көшесі №37, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Өрнек ауылдық кітапханасының ғимараты.

Шекарасы: Өрнек ауылының аумағы, Жұма стансасы.

№178 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы,

Ерназар ауылдық округі, Ерназар ауылы, Ақшуақ ана көшесі 45, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ерназар ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Ерназар ауылының аумағы.

№179 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Тоғызтарау ауылдық округі, Тоғызтарау ауылы, Жамбыл көшесі №3В, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Тоғызтарау ауылдық клубының ғимараты.

Шекарасы: Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат ауылдарының аумағы.

№471 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Гродиково ауылдық округі, Гродеково ауылы, Ақжол көшесі №88В, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет

үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Гродиково ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Ақжол көшесі, Базарбай Олжабаев көшесі, Талас көшесі, Жиделі көшесі, Арнольд Костянкин көшесі, Мұзтау көшесі, Ақдала көшесі.

№531 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы 025 есептік квартал, 625-ғимарат, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Аса ауылы, Бәйтерек көшесі, Мұқағали Мақатаев көшесі, Төрткүл көшесі, Ақсай көшесі, Қараөзек көшесі, Ғани Мұратбаев көшесі, Желтоқсан көшесі, Тәуелсіздік көшесі, Көкой көшесі, Қайнар көшесі, Темір жол көшесі, Пионер лагері.

Рахат ауылы, Сейдахмет Айдаров көшесі, Ақын Жақсылықов көшесі, Көпбосын Оспанқұлов көшесі, Гагарин көшесі.

Жамбыл ауданының әкімдігі.

СООБЩЕНИЕ акимата Жамбылского района

В соответствии с пунктом 5 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», Указом Президента Республики Казахстан от 1 июля 2026 года №1338

«О назначении выборов в Курултай Республики Казахстан» и постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 1 июля 2026 года №26/41 «Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года», акимат Жамбылского района сообщает о границах избирательных участков и местах нахождения избирательных комиссий Жамбылского района:

Избирательный участок №148

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Кызылкайнарский сельский округ, село Жасоркен, улица Сейткасым Туралиева №21, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Мухтара Ауезова отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Жасоркен.

Избирательный участок №149

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Кызылкайнарский сельский округ, село Кызылкайнар, улица Азимхана Жанболатова №10, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа Жасоркен отдела

образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Кызылкайнар.

Избирательный участок №150

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Гродиковский сельский округ, село Гродеково, улица Ақжол №7, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа Гродеково отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: улица Арна, улица Сардар, улица Жамбыла, улица Гагарина, улица Акбулак, улица Кокозек, улица Косыбека Егизбаева, улица Туран, улица Аксай, улица Едил, улица Арыс, улица Ертис, улица Тобыл, улица Аксу.

Избирательный участок №151

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Гродиковский сельский округ, село Кызылдихан, улица Абая №1, здание коммунального государственного учреждения «Начальная школа №4 отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Кызылдихан.

Избирательный участок №155

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Бесагашский сельский округ, село Бесагаш, улица Женис №4, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Абая отдела образования по Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Бесагаш.

Избирательный участок №159

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Айшабибинский сельский округ, село Айшабиби, улица Жибек жолы 114А, здание сельского дома культуры Айшабиби коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата

Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: улица Жибек жолы, улица Кошана Бурлибаева, улица Казыбек би, улица Турара Рыскулова, улица Толе би, улица Сейтжана Абишулы, улица Акколь.

Избирательный участок №160

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Айшабибинский сельский округ, село Айшабиби, улица Айша биби №43А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа Айшабиби отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: улица Айша биби, улица Асанбая Аскарова, улица Манана Абдуалиева, улица Динмухамеда Кунаева, улица Мамбетали Байжигитова, улица Шинали Аманжолова, улица Айтеке би, улица Ынтымак, улица Токтара Аубакирова, 1-й переулок Токтара Аубакирова, 2-й переулок Токтара Аубакирова, улица Алаш, улица Туран, улица Улытау, улица Баласагун, улица Кербулак, улица Уштобе, улица Орынбасара Суинбайулы, улица Абильда Баялиева, улица Талас.

Избирательный участок №161

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Айшабибинский

сельский округ, село Каратау, улица Бауыржана Момышулы №18А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Тура Рыскулова отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Каратау.

Избирательный участок №164

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Жамбылский сельский округ, село Шакена Ниязбекова, улица Жайшыбека Жантелиулы №25, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Азимбека Исмаилулы отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория сел Шакен Ниязбеков, Капал.

Избирательный участок №166

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Асинский сельский округ, село Аса, улица Абая №22, здание коммунального государственного учреждения «Молодежный ресурсный центр» отдела внутренней политики акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: улица Абая, улица Толе би, улица Абилека Бегманова, улица Жамбыла, улица Ушкempiра Мырхалыкова, улица Сейдахмета Махашева, улица Гагарина, переулок Гагарина, улица Базара Килыбаева, улица Каратау, улица Алии Молдагуловой, улица Маншук Маметовой, улица Аксу, улица Коктерек.

Избирательный участок №167

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Асинский сельский округ, село Аса, улица Абая №102Н, здание коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области».

Границы: улица Абая, 6-й переулок Абая, улица Толе би, улица Бауыржана Момышулы, улица Жетитобе, переулок Жетитобе, улица Тура Рыскулова, улица Керимбека Шманова, улица Бирлик, улица Аменгельды Иманова, улица Береке, улица Лашына, улица Достык, улица Жибек жолы.

Избирательный участок №168

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Асинский сельский округ, село Аса, улица Толе би №106, здание коммунального

государственного учреждения «Средняя школа №1 отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: улица Толе би, улица Бауыржана Момышулы, улица Жетитобе, улица Тугелбай, улица Кемелбека Жунусова, улица Сакена Сейфуллина, улица Алаш, улица Шокана Уалиханова, улица Динмухамеда Кунаева, улица Мухтара Ауезова, улица Койгельды, переулок Койгельды, улица Ыбырая Алтынсарина, 1-й переулок Ыбырая Алтынсарина, улица Шамши Калдаякова, улица Акжар, улица Самал, улица Коктем, улица Айдарлы.

Избирательный участок №169

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Акбастауский сельский округ, село Бирлесу-Енбек, улица Абая №61, здание сельской библиотеки Бирлесу-Енбек коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория села Бирлесу-Енбек, участок Кыршынды.

Избирательный участок №170

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Акбастауский сельский округ, село Шокай, улица Дербисали Байгазиева №36Б, здание сельского клуба Шокай коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория села Шокай.

Избирательный участок №171

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Асинский сельский округ, село Кумтиын, улица Салем Смайылулы №1Г, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №2 отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Кумтиын.

Избирательный участок №172

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Каракемерский сельский округ, село Каракемер, улица Кошербай Асанулы 23, здание сельского клуба Каракемер коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория села Каракемер.

Избирательный участок №173

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Колькайнарский сельский округ, село Тастобе, улица Тура Рыскулова №24, здание сельского клуба Тастобе коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория сел Тастобе, Колкайнар.

Избирательный участок №174

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Колькайнарский сельский округ, село Енбек, улица Динмухамеда Конаева, №1/А, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа Енбек отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория села Енбек, 27 разъезд.

Избирательный участок №175

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Колькайнарский сельский округ, село Жамбыла, улица Актобе, №2Г, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Жамбыла» отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области».

Границы: территория сел Жамбыл, Костобе.

Избирательный участок №176

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Карасуский сельский округ, село Ащыбулак, улица Ислама Елубаева №36, здание сельского клуба Ащыбулак коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория сел Ащыбулак, Шайдана, Сенгирбай, пастбища Кодел и Мойынкум.

Избирательный участок №177

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Орнекский сельский округ, село Орнек, улица Бекпенбета Абиьлдаулы №37, здание сельской библиотеки Орнек коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория села Орнек, станция Жума.

Избирательный участок №178

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Ерназарский сельский округ, село Ерназар, улица Акшуакана №45, здание сельского клуба Ерназар коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория села Ерназар.

Избирательный участок №179

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Тогызтарауский сельский округ, село Тогызтарау, улица Жамбыла №3В, здание сельского клуба Тогызтарау коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: территория сел Тогызтарау, Жанаоткел, Кумсуат.

Избирательный участок №471

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Гродиковский сельский округ, село Гродеково, улица Акжол №88В, здание сельского дома культуры Гродиково коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: улица Акжол, улица Базарбая Олжабаева, улица Талас, улица Жидели, улица Арнольда Костянкина, улица Музтау, улица Акдала.

Избирательный участок №531

Местонахождение избирательного участка: Жамбылский район, Асинский сельский округ, село Аса, учетный квартал 025, участок 625, здание коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района Жамбылской области.

Границы: улица Байтерек, улица Мукагалы Макаева, улица Тортуал, улица Аксай, улица Караозек, улица Гани Муратбаева, улица Желтоксан, улица Тауелсиздик, улица Кокой, улица Кайнар, улица Темир жол, улица Пионер лагерь, улица Сейдахмета Айдарова, улица Акына Жаксылыкова, улица Копбосын Оспанкулова, улица Гагарина.

Акима́т Жамбылского района.

ДІН МЕН ДӘСТҮР

БІТЕ ҚАЙНАСҚАН БӨЛІНБЕС ДҮНИЕ

Дін қайраткері Ержан қажы Малғажыұлының «Дін мен дәстүр» кітабында Ислам мәдениеті мен қазақ мәдениетінің бірлікте болғаны жазылған. Ұлт болашағына арналған кітапты оқыған әрбір адам дін мен дәстүрдің біте қайнасқан бөлінбес дүние екенін біледі. Мәдениет пен дінді қазақ этикасын ұштастыруға бағытталған еңбек деп бағалайды. Осы ретте оқырман қауымның назарына кітаптан үзінділер беруді жөн көрдік. Дініміз бен дәстүрімізді дәріптеуге арналған игі бастама жалғасын табуда.

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ

Халық арасында кең тараған жағымсыз әдеттердің бірі – ысырапшылдық. Оны тіпті ұлттық әдетке айналып бара жатыр десек те болады. Той-томалақ, іс-шара өткізгенде бай, кедей екендігіне қарамастан, барынша шашылу, аста-төк ысырапшылдыққа жол беру басымдық алып барады. Дәулетті болса, бірнеше миллиондарды сарп ету, ал кедей болса, несие алып, ұлан-асыр той өткізуге тыраштану жазылмаған заңдылыққа айналғандай. Мұндай тәгілудің артында адамдардың канқу сөздерінен қорқу, пәленшеден кем болмауым керек деген сияқты жалған намыс жатыр. Демек, барлығы рияшылдық, мақтанышқа негізделген іс-әрекеттер. Ал рияның өзі күнә, өзгелер көрсін, мақтасын деген ниетпен жасалған істер жақсылыққа жатпайды.

Ысырапшылдықтың басқа да түрлері бар. Мәселен, кейбір адамдар Жаратушының өздеріне берген ризық-несібелеріне шүкіршілік ету былай тұрсын, оларды қалай болса солай пайдаланып, арам жолдарға сарп етеді. Мал-мүлікті, ақшаны жаман жолдарға, Алла Тағала тыйым салған құмар ойындарға, арам істерге, араққа, темекіге жұмсап ысырап қылады. Өлгендері үшін де шектен тыс мал шашып ас беріп, керемет мазарлар тұрғызып әуреленеді. Кейбіреулер өз басында үй, көлік болса да, дүниеге көзі тоймай, ішінде адам тұрмайтын зәулім сарайлар, мінілмейтін су жаңа көліктер сатып алып та ысырап қылады.

Бұл тұрғыда хәкім Абайдың халқына айтқан өсиеті әлі де өзектілігін жойған жоқ. Пенденің түбіне жететін теріс сипаттардың қатарына ысырапшылдықты да қосқан ақын былай дейді: Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз! Негізінде, «ысырап» сөзі араб тіліндегі исраф деген сөзден шыққан. Бұл сөз шектен шығу, малын пайдалануда, сөз сөйлегенде шектен асып, ысырап ету деген мағынаны білдіреді. Ал шарифат ғалымдарының түсіндіруінше, ысырап ету – мал-мүлікті, ақшаны пайдалануда кездесетін теріс қылық. Осыған орай ысырап екіге бөлінеді: Мал-мүлікті, ақшаны арам нәрсеге жұмсаумен ысырап ету. Мал-мүлік, ақшаны адал нәрсеге мөлшерден тыс жұмсаумен ысырап ету.

Алла Тағала Құран Кәрімде ысырап етуге қатаң тыйым салған. Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) да бұл теріс қылықтан аулақ болуға шақырған. Бірде Алла Елшісі (с.а.с.) сахабасы Абдулла ибн Амрдың (р.а.) дәрет алып жатып суды мөлшерден тыс көп пайдаланып жатқанын көреді де: «Бұл не деген ысырап?» – дейді. Абдулла ибн Амр (р.а.): «Дәрет суында да ысырап бола ма?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): «Иә. Тіпті, ағып жатқан өзеннің жағасында болсаң да», – деп жауап береді. Демек, суы мол дариядан дәрет алып жатсаң да суды ысырап етпеу керек екен. Бұл тек дәрет суында ғана. Ал мал-мүлікті ысырап етудің қателігі одан да зор. Алла Тағала былай дейді: «...Және де ысырап етпендер! Расында, Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді».

Тағы бір аятта бекер мал шашушылар албасты шайтандардың достарына

жатқызылған. Алла Тағала былай дейді: «Жақын туыстарыңа, міскіндерге, жолда қалғандарға хақтарын бер. Әрі еш ысырап қылма! Шындығында, ысырапқорлар – шайтандардың ағайындары. Ал шайтан Раббысына анық қарсы келуші».

Демек, ысырапшылдық пендені ең төменгі дәрежелерге түсіріп, малғұн шайтандардың қатарынан бір-ақ шығаратын, ақыры жамандыққа апарып соқтыратын апатты іс екен. Сондықтан әрбір мұсылман ысыраптан сақтануы керек. Амр ибн Шуғайыбтың атасынан жеткізген риуаятында Алла Елшісі (с.а.с.): «Ішіндер, жеңдер және садақа беріндер һәм ысырап пен тәкаппарлық танытпай киінін» – деп ескерткен.

АМАНАТҚА ҚИЯНАТ

Тапсырылған аманатқа қиянат қылу – күнә. Жалпы, аманатқа отбасы алдындағы жауапкершілік, қоғам алдындағы жауапкершілік және тағы басқа да толып жатқан міндеттер жатады. Сол сияқты адамдар арасындағы бір-біріне сеніп тапсырылған нәрселер де аманат саналады. Қазіргі кезде аманатқа қиянат қылу – көп таралған күнәлардың бірі.

Алла Тағала былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Келісімдерінде (уағдаларында) тұрыңдар!» Мәида сүресі, 1-аят. Әнес сахабадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Аманатты сақтай алмайтынның иманы жоқ, сертте тұрмайтынның діні жоқ», – деген.

ӘЙЕЛДІҢ ЕРКЕККЕ ҰҚСАУЫ


Ерте заманда адамдық қасиеттен айырылмаған кез келген қоғамда әйелдің еркекке еліктеуі, не еркектің әйелге еліктеуі мүлде қабыл алынбайтын шектен шыққан күнә саналатын. Алайда бүгінде батыстық сән мен салтанатқа еліктеген кейбір әйелдер ерлерге тән киімдерді киіп, ерлерше жүріп-тұратын болды. Сондай-ақ, кейінгі кездері Лұт қауымының ізбасарлары да бой көрсете бастады. Мұның барлығы – Құдай Тағаланың қаһарына ұшырататын қылықтар.

Ибн Аббас (р.а.) жеткізген риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Алла әйелдерге ұқсап еліктейтін ерлерге, ерлерге ұқсап еліктейтін әйелдерге лағынет айтты», – деген.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ АШЫҚ-ШАШЫҚ КИІНУІ

Қазақ салтында әйел де, ер де жұрт алдында киімсіз, не жартылай денесін көрсетіп жүрмеген. Алайда қазіргі заманымызда әйел затының кіндігін, омырауы мен денесінің әурет жерлерін ашып жүруі, көшеде шашын жайып жүруі үйреншікті жайтқа айналды. Керісінше, әуретін жауып, мұсылманша киініп жүретін иманды қыз-келіншектерге кінә артылып, күстана етілетін болды.

Мұсылман шарифаты әйелдердің әуреттерін жаппай, ашық-шашық жүруіне тыйым салады. Ондай әйелдер Пайғамбар (с.а.с.) заманында мүлде болмаған. Сондықтан олар жайлы уахи арқылы ғана біліп, олардың тозақтықтар екендігін ескертіп өткен.



Әбу Һурайран (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Тозақтықтардың екі түрін көргенім жоқ (олар ақырзаман жақындағанда болады). Бірі – колдарында сиырдың құйрығындай қамшылары бар, соларымен адамдарды ұратын топ. Екіншісі – жартылай жалаңаш киінген, қылымсып, мүләйімсіген, бастары түйенің өркешіндей қисайған әйелдер тобы. Олар жұмаққа кірмейді. Исін де сезбейді. Жұмақтың ісі олардан тым қашықта болады».

БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ

Әлі орын алмаған, қашан болатыны белгісіз істер ғайып хабарларына жатады. Олардың қалай болатындығы жайлы сәуегейлік жасап, бал ашу мұсылман танымына кереғар келетін теріс әрекет. Қасиетті Құран аяттары мен хадистерде ғайып істер жайлы болжам жасаудың үлкен күнә екендігі ескертілген. Алла Тағала былай дейді: «Уа, Мұхаммед, Алладан өзге көктер мен жердегілердің ешбірі ғайыпты білмейді. Олар өздерінің қашан тірілетіндерін де сезбейді деп айт». Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім балгерге не бақсыға барып, оның айтқанын растаса, ол Мұхаммедке түсірілгенге (Ислам дініне) күпірлік келтіреді», – деп ескерткен. Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта Алла елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Аурудан қашу да, құстың ұшуына қарап бал ашу да болмайды. Маған фәэл ұнайды». Сахабалар: «Фәл деген не?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): «Ол – жақсы сөз», – деп жауап берген.

Ғайып істерді болжауға жұлдыз-жорамалдар да жатады. Бүгінгі күні мына жұлдыздың ықпалы күшті болып, мынадай жұлдыз астында туылғандардың жолы болады, аналардікі болмайды деген сияқты сандырақтар – ісі мұсылманның сеніміне селкеу түсіретін күнәлі істер. Әбу Һурайраның (р.а.) айтуынша Алланың елшісі (с.а.с.) былай деген: «Сендер Раббыларыңның не дегенін естідіңдер ме? Ол былай дейді: «Мен құлдарыма қандай да бір нығмет сыйламайын, олардың бір бөлігі оны теріске шығарады. Олар: «Жұлдыздар, жұлдыздар арқылы ғана болды», – деседі.

АТА-БАБАСЫМЕН, ТЕГІМЕН МАҚТАНУ

Қазірде ешқандай ғылыми, тарихи дәлелі болмаса да, ата-бабасының

батыр, ұлы тұлға болғандығын айтып мақтанатын жандардың қарасы көбейді. Сосын сол бабасының жерленген жерін тауып алып, орнына зәулім кесене салу, биік ескерткіш тұрғызу сәнге айналды. Бұл – қоғамды жік-жікке, ру-руға бөлуге апаратын теріс құбылыс.

Асыл дініміз Ислам да мұндай келенсіздіктерді мүлде қолдамайды. Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне күнәға апаратын осындай қылықтардан аса сақ болуға шақырған. Әбу Мәлік әл-Ашғариден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Үмбетімнің арасындағы төрт нәрсе надандық дәуірінің ісі, бірақ оларды тастамайды: ата-бабамен мақтану, біреудің тегіне тиісу, жұлдыздармен жаңбыр шақыру (соған байланысты деп сену) және дауыс шығарып жоқтау».

Әрбір тайпа, ру өзінің ата-бабасымен мақтанып, өзгеге шекірейе қарайтын болса, қоғам бұзылады. Ата-бабамыз мұндайда «жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп ескерткен. Ендеше бүтін халықты тоз-тоз ететін трайбализмнің салдарынан сақтанайық. Алла елшісінің (с.а.с.) өсиеттерін орындайық. Жубейр ибн Мутғим (р.а.) жеткізген риуаятта Алланың елшісі (с.а.с.): «Ұлтшылдыққа, рушылдыққа шақырған адам бізден емес. Ұлтшылдық, рушылдық үшін шайқасқан адам бізден емес. Ұлтшылдық, рушылдық үшін өліп кеткен адам бізден емес», – деп ескерткен.

ӘДІЛЕТСІЗДІК

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді ата-бабаларымыз. Туғаны қылмыс қылса, оны кешіріп, ал басқа біреу ағаттық жасаса, абақтыға тоғыту – әділетсіздік. Ислам діні қара қылды қажаратын әділеттілікке шақырады. Үкім еткенде заң алдында барлық адамға тең қарауды әділдіктің басты шарты етіп бекіткен. Алланың елшісі (с.а.с.) қандай жағдайда болмасын, әділдікті сақтаған әрі үмбетін ар алдында адал болуға үндеген.

Айша анамыздың (р.а.) айтуынша, Құрайыш тайпасының көсемдерін текті әулет – махзумия руының ұрлық жасап қойған бір әйелінің жайы көп ойландырыпты. Бұл істің салдарынан қорыққан олар әйелді жазадан құтқарудың жолын іздеп: «Ол туралы Алланың елшісіне кім айтып барады?» – деп кеңеседі. Сонда біреулері: «Ол туралы батылдықпен айта алатын біреу болса, ол – Алла елшісінің (с.а.с.) сүйіктісі Усәма ибн Зәйд», – деп соны арашашы етуге келіседі. Келісім бойынша Усәма (р.а.) әлгі әйелдің мәселесі туралы Алла елшісіне (с.а.с.) айтады. Сонда Алла елшісі (с.а.с.): «Уа, Усәма! Алла Тағаланың жазасына арашашы болғың келе ме?!» – деп қатты ашуланады. Сосын адамдарды мешітке жинап алып былай деп жар салады: «Ақиқатында, сендерден бұрынғы үмбеттер егер олардың арасында текті адам ұрлық қылса, оны қоя салатын, ал егер бір әлсіз адам ұрлық қылса, оны жазалайтын. Олар сондай істері үшін жойылып кетті. Алланың атымен ант етемін, егер, тіпті, менің қызым – Мұхаммедтің қызы Фатима бір ұрлық қылса, оның да қолы кесіледі!». Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) қоғамдағы әділдік қағидасын осылай айқындап берген. Өзі де өзгелерге үлгі болған.

«Дін мен дәстүр» кітабынан алынған.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Адамдар болады жүректе қалатын...

Білім сапарында Болатпен бірге қанаттас болдым, үзенгі жолдас болдым. Студенттік өмірдің барлық сәтінде сенімді серіктес, жүректер ұғысқан пікірлес әрі сырлас болып, ұзаққа созылған үлкен жолдың үстінде тағдырлас болдым. Ең бастысы, біз дос деп аталатын ұлы ұғымға кір келтірмедік. Дос болып, алыс армандарға бірге құлаш сермедік.

Күшті дос тас көтереді, бай дос қарыз көтереді, жақсы дос әзіл көтереді, нағыз дос өкпені ренішті көтереді, адал дос ауыртпалықты көтереді, ал шын дос бәрін көтереді. Менің Болатым осы сөздерге лайық болды. Дос болып қоймай, бауырмалдықтың нәзік жібін жалғап, елу жылдан астам бір-біріміздің жүрегімізді жылыттық.

Өмір өткен күндер емес, есте қалған күндер деген сөз бар. Университетте өткізген бес жылымызда есте қалған күндер аз болған жоқ. Жаппардың ұлы алғырлығымен өзгелерді тәнті етті. Қоңыр дауысымен тамылжитып ән салғанын былай қойғанда, көркем сөздің шебері болғанын қалай айтпасақ. Университетте құрылған «Ләйлім шырақ» ансамблінде жүлдізді арқыраған өнерпаздығын неге сөз етпеске. Білім және өнер бәсекесінде талай мәрте топ жарғанын неге мақтан етпеске. Алматы шаһарында той-думандардың сәнін келтіріп, асабалық өнердің майталманы болып, елге танылғаны әмбеге аян. Той басқаруға кеткен досымыздың тілеуін тілеп, жатақханада оның келуін күтіп отыратын едік. Ол тойдан бос қайтпайтын. Дорбасын толтырып, аш қарын біздерді азықпен қарық қылатын. Кигізген костюм-шалбарын, көйлек-көншегін өзі кимей куртастарына таратып беретін. Міне, Бөкен біздерді әкеміздей жарылқаған еді, аз-кем олжасымен бөліскен еді.

Ол оқу ордасында оқ бойы озық жүрді. Оқуға түскен жылы шет тілін таңдау қажет болғанда, біздер неміс тілін қаладық. Ал Болат досымыз қиындығын біле тұра араб тілін оқытатын топқа жазылды. Дәріс беретін М.Маженова апайдың қаталдығын біле тұра араб тілін меңгеруге бел байлады. Тілін сындырып, осы тілді біріксідей біліп шықты. М.Маженова апай студенттерді мақтап сөйлемейтін. Ал Болат туралы жылы сөз айтып, мақтағаны біздің есімізде.

Университетті ойдағыдай тәмамдап, Жамбылға жол тартты. Облыстық «Еңбек туы» газетінің табалдырығын аттады. Басылм редакторы Баттал Жанабайұлы ағамыз інісінің бетін қақпады. Жұмысқа қабылдап, ақ батасын берді. Ақ батамен көгеріп, көктеді. Қаламгерлік жолдағы алғашқы қадамына әріптестері сүйсінді. Журналистердің үлкен көшіне ілесіп, Шерхан ағасындай шындық жолында шырылдап, ақиқаттан аттамады, таңдаған жолынан айнымады. Тәңір оның жүрегін халық пен Отан үшін шын мәнінде ауыратын етіп жаратқандай. Сол жүрегі елім, жерім және туған тілім деп тынымсыз соғып, күрес жолына салған еді.

Қаламдас досымның азаматтық және шығармашылық мінезі менмұндалап көрініп тұратын. Оқылған шығармалар



Көңіл төрінен алыстамайтын, жүректе сақталатын адамдар болады. Дүние дидарында дидарласып, ыстық жүрекпен сырласып, алыстап кетсе сағынып тұратын қимас жандар бар. Мен үшін сондай адам өмір сапарында қатар жүріп, қатар қадам басқан қадірлі қаламдасым Болат Жаппарұлы болатын.

Жастық шақтың алаулаған албырт шағында Жаратқан ием Болатпен жолықтырып, жүрер жолымызды түйістірді. Алматы төрінде, білімнің Меккесі саналған Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында бірге дәріс алып, журналист деп аталатын қастерлі мамандықтың жалына жармастық. Өрекіпген көңіл, асып-тасыған жігер, алып-ұшқан жүрек, ертеңімізге асықтырған үлкен мақсат, қасиетті қалам иесі атануға талпынған асыл мұрат, бәрі-бәрі курстағы елу қыз-жігіттің қиялдарына қанат бітіріп, биіктерге самғатқан еді.



неге тез ұмытылады? Себебі ол шығармаларда мінез жоқ. Мінез болмағандықтан, кез-келген туынды естен шығады, тез ұмытылады. Ал Болаттың жазған еңбектерінде мінез бар болатын. Көзқарас мінезі, дүниетаным мінезі, ұлттық мінез, тұлғалық мінез көрініп тұратын.

Қандай мәселе, қандай жағдай болмасын, бәріне ұлттық көзқараспен баға беретін. Кейбіреулер билікке жақпай қалам ба деп қорқып, ұлт мәселесіне келгенде жалтарып қалатыны бар. Ал біздің Болат ешкімнен, ештеңеден сескенбей тұрасын айта білетін. Осы мінезімен ол ұлт қаламгері атанды.

Замандасымның қайратты қаламынан мықты да құнды дүниелер өмірге келді. «Дат» газетінің 2024 жылғы 17 және 31 қазандағы нөмірлерінде «Қақпағы кеткен қазан» атты сын мақаласы жарық көрді. Байзақ ауданында орын алған былықтар, сыбайлас жемқорлықтың әкелген зардаптары, дүние-мүліктердің талан-таражға салынуы секілді кері кеткен келеңсіздіктер, тағы басқа толып жатқан теріс әрекеттер осы мақалада сөз болады. Автор бұл зардаптарды қопарып, індетіп жазып, барлығын су бетіне шығарады.

Республикалық «Жас Алаш» газетінің 2006 жылғы 18 мамырдағы нөмірінде жарияланған «Президентке өкпем қара қазандай» деген мақаласы жұртты елең еткізді. Бұл еңбегінде елбасының қазақ тілінің мәртебесін көтерудің орнына, беделді халықаралық форумдар мен түрлі жиындарда орыс тіліне басымдық беріп, өз тілімізді шеттеткен әрекеттерін сынға алады. Оған мысалдар мен деректер келтіреді. Қазақстан төрінде өткен үлкен басқосуларда қазақ тілінің үні шықпай, орыс тілінің үстемдік құрғанына ұлтының азаматы, патриоты ретінде жүрегі сыздап, жаны ауырады. Қаламын қару етіп, ана тіліне араша түсіп, беделін биіктетіп, мерейін үстем етіп, басқа тілдермен тең дәрежеде қолданыста болуын көксеп, сол жолда алдаспандай жарқылдап, ақтық демі біткенше тілін қорғауға әзір екендігін паш етеді.

Сол кездері ол Жамбыл аудандық «Шұғыла» газетінде қызмет ететін. Аудан басшылары сол мақаласы үшін өздері жауапқа тартылатындай үрейленіп, ертоқымдарын бауырларына алып, тулағандары шындық. Болатқа қаһарларын төгіп, қарақұстай шүйілгендері айтпаса

да түсінікті. Сондай жан қиналған сәтте:

«Көленкеңнен қорықпа босқа, бекер,

Бұл өмірден жаман да, жақсы да өтер.

«Жас Алашта» жарияланған мақала үшін,

Кетсе егер, Болаттың-ақ басы кетер», – деген өлең шумағын қалқан етіп қорғанғаны бар. Міне, жүректі журналист, қайсар қаламгер деп ер Бөкенді айтсақ болатын шығар.

«Дат» газетінің 2024 жылғы 15 тамыздағы нөмірінде «Тілім үшін тілімделсем, арман жоқ!» атты мақала жарияланды. Болат бұл еңбегінде бүгінде ел басқарып отырған кісілердің Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін ана тілімізді өзінің биік тұғырына қондыра алмай, бейқам күй кешкен әрекетсіздіктері жайында толғанады. Тілдің тағдырына алаңдайды. Жаны аласұрып, аһ ұрады. Қолына қалам алып, жанын шүберекке түйіп, тілінің мүшкіл халын ойлап, жаны безек қағады.

Автор өз мақаласында: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мына алмағайып заманда асқан мәмілегерлікпен, сұңғыла саясаткерлікпен Қазақстанды тура, таза бағытта жарқын болашақ, кемел келешекке бастап бара жатқанын қуантады. Тек «Президентіміз тілі жаңа шығып келе жатқан бала сияқты ежелеп, ежіктеп болса да, мәртебелі жиындарда мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сөйлесе екен» деген ак тілегім, адал ниетті ұсынысым бар», – деп жазбасын аяқтайды.

Қаламдас дос Жамбыл аудандық «Шұғыла» газетін он жылдан астам басқарып, лайықты қолтаңбасын қалдырды. Аудан басшылығына жалтақтап, айтқанына бас шұғып отырмады. Керек кезінде батыл үн қатуға тура келгені жұртының жадында, оқырман есінде. Журналист болу бұл жай ғана кәсіп, мамандық немесе шығармашылық дарын емес. Бұл миссия, яғни мойынға алған ауыр жүк. Мойынға артылған ауыр жүкті ол қайыспай көтерді.

1998 жылдың 5 тамызында аудандық газетте «Бірікпесе іс бітпейді» деген мақала басылды. Мақалада аудандағы басшылардың белден басқан берекесіз әрекеттері, халықтың жиған-терген қазынасын оңды-солды шашқан тойымсыздықтары мен шектен шыққан ашкөздігі, жемқорлық деген пәлекеттің өршіп бара жатқандығы

сөз болады. Аудан әкімдігі басылымның бұл батылдығын жақтырмағаны анық. Редакторға жөн-жосықсыз тиіседі, тұқыртады, жұмысына кедергісін келтіреді. Былайша айтқанда, үздіксіз шабуыл жасайды. Бірақ бұл әрекеттерінен нәтиже шықпады. Болаттың сағы сынбады, олар сындыра алмады.

Тұрасын айтсаң, туғаныңа жақпайсың, тікесінен айтсаң, ағайынға жақпайсың, өткір айтсаң, билікке жақпайсың, батылдау айтсаң, бауырыңа жақпайсың. Сонда кімге жағу керек? Аллаға жағыну керек. Аллаға жағынып ғұмыр кешкен ол менің Болат досым болатын. Көркем мінезімен, ел қызығатын қылығымен, еңбекқорлығымен, Жаратқанның аманатына адалдығымен Раббысына жақты.

Шынайы байлық сыртта емес, шынайы байлық – жүректегі жарық, сондағы тазалық, адамдарға жасалған жақсылық. Сондықтан өмірдің мақсаты дүние жинау емес, өмірдің мақсаты – адам болып қалу. Біздің Болат сол мақсатына жетті. Өмірдегі ұлы миссиясын орындады. Адам болып дүниеге келіп, адам болып дүниеден өтті.

Жүрегінде нұры бар, ісінде қайыры бар жақсы адамдардың есімдері еш ұмытылмайды. Адамның тәні топыраққа айналғанымен, оның ізгілігі мен жақсылығы ешқашан шірімейді, ешқашан ескірмейді. Жақсы адамдар жерде емес, жүректе жерленеді.

Адамдар болады,
Мың сынақ көрсе де
іліпсынбайтын,
Байлыққа мастанып,
ұясын бұзбайтын.
Жақсылық жасаса,
жар салып айтпайтын,
Адамдар болады,
ұятын сатпайтын.

Қайғырып тұрса да,
қуаныш сыйлайтын,
Өсектеп жатқанда
сабырмен шыдайтын.
Елеусіз жүрсе де,
ерлікке баратын,
Адамдар болады,
жүректе қалатын!

Біздің Болат ел-жұртының жүрегінде жарқырап ғұмыр кешті. Асқақ абыройымен, журналистік қызметімен, қалам-қайратымен ел жүрегінде қалды. Пейште нұрын шалқысын, Болат бауырым!

Мақұлбек МАЛДАРБЕКОВ,
ардагер журналист.

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1946 Тапсырыс №506

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Журналист

(Журналист, сатирик
Болат Жаппарұлына)

Журналистсің!
Жазуға шын берілген,
Табылуға тырыстың өз өріңнен.
Ұқыптылық, ізденістер тән еді,
Кездерің көп биіктерден көрінген.

Керек жерде терді төгіп алыстың,
Керек жерде талайларға болыстың.
Асау уақыт шындап сені өсірді,
Қаламың да салмақтанды –
толыстың!

Жігіт едің жұрт көңілін қимайтын,
Әр күнінен өрнек, тәлім жинайтын.
Толғап сөйлеу жарасатын өзіңе,
Ал, әншілік – қырың еді
ел сыйлайтын.

Арман құдың!
Өз жолыңды таба алдың,
Шындығыңмен айналаға жаға
алдың!
Қалам ұстап жүрген достар,
жастарға
Әрқашанда зор тілектес
бола алдың.

Жұртқа айта алар сырларымыз көп біздің,
«Жерде Күләй...» деп
ғұмырды өткіздің.
Саған риза туыстарың,
достарың,
Балаларды өз орнына
жеткіздің!

Сүйіп өстің Түгіскеннің даласын,
Журналистсің, сатириксің –
дарасың.
Ел таныған Болатсың Жаппардың,
Ел есінде сол көркіңмен
қаласың!..

Байтанағали ТӨЛЕНТАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.

Меншік иесі:

«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:

Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:

Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

877770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240